

Бақыт Еженханұлы: Ел тарихы үшін...

Тарих ғылымдарының докторы, көне мәнжу, көне қытай тілдерін жетік меңгерген белгілі қытайтанушы ғалым Бақыт ЕЖЕНХАНҰЛЫМЕН журналист Еркін Байғабылұлының сұхбаты

– Бақыт Еженханұлы, сіз Қытай елінде жүрген кезіңізде аспан асты елінің ғалымдарын тың жаңалығыңызбен мойындатқан едіңіз. Атамекенге келгелі бері атқарған ғылыми жобаларыңыз туралы не айтасыз?

– Әңгімені Қытайдағы ғылыми ізденісімнен бастайын. Қазақ баласы, түркі ұрпағы ретінде мен өзім Орта Азия тарихына, оның ішінде түркі этностық тарихына зейін салып, сол салада ғылыми-зерттеу жүргізуді қалаған адаммын. Алғашқы ізденісім ХІХ ғасырдағы Жоңғария-Қашқария жерлерінде өмір сүрген қазақ, ұйғыр сынды халықтардың саяси-әлеуметтік тарихынан басталды. Уақыт өте келе, ойымдағы біраз сұрақтарға жауап алу үшін міндетті түрде көк түріктер тарихы мен Шыңғыс хан әулеті билік құрған дәуірдегі Еуразия кеңістігіндегі түркі-моңғол ұлыстарының тарихына неғұрлым тереңдей енудің керектігін түсіндім. Ізденістің нәтижесінде 1990 жылы «Моңғол-Юань дәуірі қарсаңындағы Алтай таулары аумағындағы түркі тілдес тайпалар» тақырыбында докторлық диссертация қорғадым.

– Бұл тақырыпты таңдауыңыздың себебі не?

– Түркі тарихы үшін бұл бір маңызды кезең: қазақ, татар, башқұрт, ноғай, қырғыз және өзбек сынды қазіргі бірсыпыра түркі этностардың қалыптасуына негіз қалаған дәуір, оның үстіне осы дәуірдегі түркі этникалық тарихына жүргізілген зерттеулер де көп емес. ХІ-ХІV ғасырлардағы қытай, парсы және өзге де тілдерде жазылған дереккөздерді кешенді түрде қарастырғанда, ата тарихымыздың сол бір маңызды кезеңіндегі біраз мәселелерге жаңаша көзқараспен қарау керек болды.

– Енді елге оралғаннан кейінгі әңгімеге көшсек.

– Еліміз егемендікке қол жеткізген шақта, шетте жүрген көптеген зиялы жастар сияқты мен де өз тағдырымды ата-жұртымның, туған елімнің өсіп-өнуімен байланыстыруды жөн көрдім. 1993 жылы Алматыға қоныс аударғаннан кейін Ұлттық ғылым академиясының Тарих және этнология институтында, Шығыстану институтында, сондай-ақ бірнеше университеттерде әр түрлі қызмет атқардым. Жұртпен бірге заманның қыспағына бетпе-бет келуге мәжбүр болған кездерім де болды. Ал ғылыми зерттеу жұмысын кәсіби тарихшы ретінде толыққанды жалғастырудың сәті 11 жылдан кейін, яғни мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы басталған соң ғана тиді. Тәуелсіз еліміздің төл тарихын жаңғырту үшін шетелдерде,

оның ішінде Қытайда сақталған дереккөздерді жинастыру, аудару және оларға заманымызға сай ғылыми-зерттеу жүргізудің маңыздылығы зор. Сонымен қатар мені сонау өткен ғасырдың 80-жылдарынан бері қызықтырып келген қытайдың тарихи қазынасындағы бір мазмұн – Қазақ тарихына қатысты Цин патшалық мұрағат құжаттары. XVIII ғасырлардың орта шенінде Жоңғар хандығы жойылған соң, Қазақ хандығы мен Цин патшалығы көрші ретінде тікелей қарым-қатынаста болғандықтан, қазақтармен тікелей араласқан Цин патшалығының шекарадағы ұлықтары мен орда шенеуніктері әуелі мәнжу тілінде, одан қалса қытай тілінде Қазақ даласының шығыс бөлігінің тарихи-географиясы, ондағы саяси, экономикалық, этникалық жағдайларға, сондай-ақ қазақ-цин қарым-қатынасына аса зор мән беріп, көп жазба мәліметтер қалдырған. Ал қазақ билеушілері де саяси, дипломатиялық және экономикалық себептермен Цин патшалығына әртүрлі сипаттағы хаттарын жіберіп тұрған. Сол құжаттар түгел дерлік Қытайда, оның ішінде дені Бейжінде орналасқан Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталуда. Оларды жинастырып зерттеу арқылы Отанымыздың тарихи дерек қорына аса көлемді тың материалдарды енгізумен қоса осы тың материалдар негізінде біраз тарихи мәселелерге жаңаша көзқараспен қарап, жаңа ғылыми тұжырымдарды қалыптастыруымызға болады.

– Сіздің соңғы жылдардағы Қытай мұрағатынан әкелген құжаттарыңыздың ішінде Абылай хан мен Цин патшасының хатын ерекше атап өтуге болады.

– Оныңыз рас, жоғарыда айтылып кеткендей, Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатында сақталған тарихи құжаттардың арасындағы ең бір маңызды бөлігі – қазақ хан-сұлтандарының хаттары. Бұл хаттарды зерттеудің нәтижесінде Қазақ тарихындағы кейбір ақтаңдақ беттерді немесе бұрмаланып келген мәселелерді айқындауға болады. Абылай ханның 1757 жылы Цин патшалығына жіберген тұңғыш хаты цин- қазақ қарым-қатынасы тарихындағы ең маңызды құжат, ол «Орта жүз бен Ұлы жүз қазақтарының Қытайға бодан болғандығының дәйегі» ретінде қарастырылып келген. Алайда, жаңадан табылған Абылай ханның сол хатының екі нұсқасы (бірі хаттың тот-моңғол тіліндегі түпнұсқасының өңделген көшірмесі болса, екіншісі оның мәнжу тіліндегі аудармасы) мен оның кең таралып үлгерген қытай тіліндегі нұсқасын салыстырып зерттей келе мынаны байқадым: Абылай ханның осы бір дипломатиялық хаттамасын Цин патшалық орда қаламгерлері өз мүдделеріне сай етіп өңдеп, өзгерткен. Жалпы, осы күнге дейінгі қазақ-цин тарихи қарым- қатынасына байланысты зерттеулер негізінен қытай тіліндегі деректерді арқау етіп келген. Ал осы қытай тіліндегі цин патшалық дереккөздері көптеген тарихи мәселелерді тудырған. Оның

ішінде Қазақстан территориясына қатысты кертартпа тарихи тұжырымдардың да бар екендігі мәлім. Ал осы тарихи мәселелердің нақты қалай болғандығын паш ететін тың құжаттар бар екендігі бүгінгі таңда бізге белгілі болып отыр. Олардың арасында сіздің сұрағыңызда меңзеген Абылай ханның хаттары да бар. Мен осындай хаттың екі данасы (қазірше хаттардың мәнжу тіліндегі аударма нұсқалары ғана табылып отыр) туралы қысқаша тоқталып кетейін. 1760 жылы жазылған бірінші хатта Қазақ жер аумағы туралы сөз қозғалған. Құжаттан мынадай сөздерді кездестіре аламыз: – елімнің қоныстары: шығысы Чорго жеріне, оңтүстігі Шарабелге, ортасы Лепсіге жетіп тұр; – ұлы Ежен менің келешек ұрпағымның, менің балаларымның қолында сақталатын қызыл таңба басылған хат жолдап бергей. Біздің пайымдауымызша, құжаттағы Чорго жері – қазіргі ҚХР ШҰАА Дөрбілжін (қытайша «Эминь») ауданы аумағына созылып кіретін Тарбағатай тауының шығыс сілемі, ал Шарабел (Сарыбел) – Қастек асуы және оның маңындағы таулы аймақ. Демек, Абылай ханның ұғымындағы Қазақ жерінің шекарасы қазіргі қазақ-қытай, қазақ-қырғыз шекарасымен негізінен сәйкеседі. Абылай ханның цин патшасынан «қызыл таңба басылған хат» сұрауы – оның аталмыш шекара жөнінде мәнжу-қытайлардан келісім алу ниетінде екендігін білдіреді! Екінші хатта 1771 жылғы Еділден кері көшкен қалмақтарды қазақ жеріне енгізбеу туралы сөз қозғалып, мынадай сөздер жазылған: – Ноян-дата Алақ-ұла, Құлжа және Хайнұқ сынды жерлердегі улеттерді бастап барып бұрыттармен бірлеспек. – Торғауыттар Алақ-ұладан кеткен шақта сендердің 500 адамдарыңды өлтіріп кеткен еді, енді міне, олар қайтып келіп маған жорық жасауда. Сендер осыларды өздеріңе бағындырып алсаңдар. – Торғауыттар Алақ-ұлаға бара қалған күнде, онсыз да мүшкіл халдегі ел-жұрт қайғылы жағдайға душар болуы ықтимал ... Мұнда Абылай хан өз кезінде Тарбағатай мен Жетісу жерінен айдалған қалмақ қолбасшысы қайтадан Тарбағатай өңірі мен Жетісу жеріне келіп, ондағы қазақ жұртымен жауласып жатқан бұрыттармен (қырғыздармен) бірлесіп қазақтарға қарсы одақ құруына жол берілмейтіндігін айтқан, сонымен бірге Абылай хан мұнда аталмыш қалмақтың өз кезінде цин армиясын қырған тарихи жәйтті мәнжу-қытайлардың естеріне салып, Цин патшалығының күші арқылы қазаққа қауіп төндірген қалмақтарды жоюды немесе оларды қазақ жерінен аластатуды көздеген. Біздің анықтауымызша, құжаттағы аталған қалмақ нояны – 1771 жылы Еділ бойынан ауа көшкен қалмақтардың екінші басшысы, оның шын есімі – Церин. Ол 1758 жылдың басында қазақтар тарабынан ойсырай жеңіліп, жоңғар қалмақтарының Жетісудағы ең соңғы бекінісі – Қастек асуы төңірегінен біржолата қуылған. Осыдан соң ол босып бара жатып Боратала, Зайсан сынды жерлерде

қазақтардың толассыз соққысына ұшырайды. Алайда, ол «Алақ-ұла» жерінде (Цин патшалық жазба деректері бойынша, бұл жер Зайсан көлінің солтүстік-шығыс жағында) Цин патшалығының 500 жауынгерін қырып тастап, әрі Еділ бойына қарай бой тасалайды. Бізге жеткен қалмақ тіліндегі кейбір тарихи еңбектерден, сондай-ақ Еділ қалмақтарына қатысты Цин патшалық мұрағат құжаттарынан осы Цериннің Еділ қалмақтарына үлкен ықпал жасап, оларды «шығыстағы босап қалған жерлерге барып өз хандығымызды құрайық» деген үгіт жүргізгендігі жөнінде мәліметтер бар. Қазақ жұрты мұндай әрекетке жол бермейтіндігі анық, бұл тиісінше қазақ тарихнамасында «шанды жорық» деп аталатын шайқасқа басты себеп болған. XVIII ғасырдың 50-60 жылдарындағы қазақ халқының ең үлкен жетістігі – өздерінің шығыстағы көне жұрттарын қайтарып алғандығы. Ал жоғарыдағы Абылай ханның хаттарын оқи келе біз мынаған көзіміз жетеді: ұлы мақсаттарына қол жеткізу үшін Абылай хан бастаған қазақ жұрты білектің күшіне ғана емес, дипломатиялық әдіс-амалдарға да сүйене білген.

– Қытайдан Қабанбай батырдың мөрі тапқаныңызды білеміз. Қандай құжаттан, қай мұрағаттан анықтадыңыз? Құжаттың тарихына да түсініктеме бере кетсеңіз?

– Сіз айтып отырған Қабанбай батырдың мөрі басылған хат 2012 жылы қараша айында Бейжіңдегі Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатынан табылған. Қытай мұрағатшылары тарапынан аталмыш құжат туралы ешқандай түсіндірме жазылмаған, онда тек аталмыш құжаттың фото көшірмесі (микрофильмде 2 бет етіп көрсетілген, оның бір бетінде хаттың мәтіні, екіншісінде хат жолдаған адамдардың 2 мөрі басылған) мен оның мәнжу тіліндегі аудармасы берілген. Хаттағы шағатайша тіл-жазу осыған дейін біз кездестірген осы тілде хатталған қазақ хаттарының немесе қашқариялық ұйғыр, қоқандық өзбектердің хаттарындағы тіл-жазуларынан ерекшелену. Ал мәнжу тіліндегі аудармасы да хаттың түпнұсқасынан қысқалау екендігі байқалады. Бір қызығы – хатқа басылған екі мөрдің әрбіреуінің сол жақ жанында мөр мәтінінің мәнжу тіліндегі аудармасы берілген, онда былай делінген: – «kucuk hojo i temgetu», яғни «Күшік қожаның мөрі» (Сол жақтағы мөрдегі жазу); – «Habambai i temgetu», яғни «Қабанбайдың мөрі» (Оң жақтағы мөрдегі жазу). Оң жақтағы мөр біздің назарымызды ерекше аударды, өйткені, осыған дейін біз кездестірген мәнжу тілді мұрағат құжаттарында қаракерей Қабанбайдың есімі осылай «Habambai» деп хатталған. Демек, бұл хат қазақтың әйгілі батыры Қабанбаймен қатысы бар екендігі әбден ықтимал. Дегенмен, Қабанбай батырдың мөрі қалайша бұл хатқа басылған? Оның қасындағы мөрде көрсетілген «Күшік қожа» кім? Жалпы, елеусіз болып келген осы тарихи құжат қандай жағдайда

калыптасқан? Осындай сұрақтармен біз әрі қарай іздене бастадық. Бағымызға қарай, бұл хат біздің осыдан бұрынырақ аударып жариялаған мәнжу тілді бір құжатпен тікелей байланысты болып шықты. Хаттың түпнұсқасы мен мәнжу тілді нұсқасының кейбір жеке сөздерінде айырмашылық бар болғанымен, мазмұны негізінен бірдей: 1. Хаттың авторы қарақалпақ Күшік қожа есімді адам болып шықты. Ол сол кезде Сұлтан-Бекей би, Есім би, Қара би, Қараменді би, Құлмамат би, Алла-назар би сынды 6 адамымен Қабанбайдың ауылына «елші болып» келген екен. 2. Хаттың авторы қарақалпақ елі қазақтар сияқты Цин патшалығымен қарым-қатынас орнату ниетінде екендігін білдіріп, сол себептен осы хаттың Циннің генерал-губернаторы Чебденжаб тарабынан Қабанбайға жіберілген елшісі арқылы әрі қарай Цин патшасына жеткізбекші болғандығын айтқан. Ал 1758 жылы 2 қазан күні цин ұлығы Чебденжаб мәнжу тілінде өз патшасына бір мәлімдеме жолдап, өзінің қазақ жеріне жіберген Батұр есімді елшісінің айтып келген әңгімесін жазған. Сондағы айтылған әңгімедегі адам есімдері мен негізгі оқиғалар жоғарыдағы хаттың мазмұнымен сәйкеседі. Осы мәліметті зерттей келе, біз хаттың жазылу уақыты, мақсаты және оның тағдырының қалай болғандығы жөнінде мынадай қорытынды жасап отырмыз: біздің Қытайдың Бірінші тарихи мұрағатынан тапқан белгісіз хатымыз дәл цин ұлығы Чебденжабтың өз патшасына жолдаған мәлімдемесінде айтатын «қарақалпақ Күшік қожаның хатының түпнұсқасы», ал хаттағы екі мөрдін иесі де анық болды: оның біріншісі аталмыш хатты жазған қарақалпақтың биі Күшік қожа болса, екіншісі сол дәуірдегі қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірі – қаракерей Қабанбай батыр. Аталмыш хат пен оның мәнжу тіліндегі аударма нұсқасы кейін келе мәлім себептермен сол хатты жолдаған Чебденжабтың мәлімдемесінен ажыратылып тасталған (шағатай немесе тот-моңғол тілінде хатталған мұндай ортаазиялық хатнама әдетте цин ұлығы жазған мәлімдеменің «қосымша құжаты» ретінде сол мәлімдемемен бірге сақталынады), ал ол өзге құжаттар топтамасы арасына ағып барып әлгіндей «белгісіз құжатқа» айналып шыға келген. Енді «Қарақалпақ Күшік қожа би не мақсатта осы хатты жазған?» деген сұраққа келсек, жоғарыдағы құжаттардан білгеніміз: Күшік қожа би бастаған қарақалпақ көсемдері елдерін қазақтарға жақын жерге көшіруді көздеген. Мұның басты себебі туралы біз дәл сол кезде сауданың жайын бақылау мақсатында Үрімжіге баратқан Қабанбай батырдың ұлы Едігенің Чебденжабқа айтып берген әңгімесінен (бұл әңгіме жоғарыдағы аталған мәлімдемеде сақталған) біле аламыз. Едіге онда қарақалпақтардың бір кезде қазақ жұртымен жақын тұрып, кейін өзара жанжалдасу себебінен көшіп кеткендігін және енді кері оралуды көздеп отырғандығын айта келе, «олар өз қоныстарын осы жаққа

қарай көшіріп, бұрынғы көне жұрттарына келіп отырмақшы. Біз олардың осы талабын құптап, олардың көне жұртына оралуына рұқсат беріп отырмыз» деген екен. Едігенің сөздері сайып келгенде мынаны меңзеп тұр: қарақалпақтар қазақтар сияқты көне жұртына оралмақшы, оған қазақтар рұқсат берген (демек, жердің қазіргі иесі – қазақтар). Ал ол үшін қарақалпақтар Цин патшалығымен де жақсы байланыста болғылары келеді. Мұнда Едіге маңызды бір мәселені, яғни Жоңғар хандығы жойылғаннан соң өз кезінде жоңғарлардың басып алған жерлеріне «біз қазақтар ие боламыз» деген әңгімені цин ұлықтарына астарлап қозғап отыр. XVIII-XIX ғасырлар аралығындағы қазақ-қытай қарым-қатынасының ең бір күрделі қыры немесе екі елдің қарым-қатынасына өзіндік ықпалын тигізген мәселе – Қазақ халқының шығысқа қарай өздерінің Жоңғар шапқыншылығы кезінде айырылып қалған көне жұртына оралуы және сол тарихи үдерісте туған «жерге кім ие болуға тиісті?» деген екі ел арасындағы ұғымдық келіспеушілікпен әр елдің жүргізген саясаты болды. Мұндай мәселелердің пайда болуының негізгі себептерінің бірі – Цин патшалық билеушілерінің империялық пиғылынан туған ірге кеңейту саясатының жүргізілуі. Цин патшасы Цяньлунның және оның Орталық Азиядағы ұлықтарының ұғымы бойынша, бұрынғы Жоңғар хандығының иелігінде болған жерлердің барлығы Цин патшалығына тән болуға тиісті, өйткені Жоңғар хандығын қиратқан Цин патшалығы. Ал қазақ халқы болса, олар шығыстағы жоңғарлар басып алған өздерінің атажұртын ешқашан естерінен шығармаған және сол атажұрттарына оралуды әу бастан мақсат еткен – мұны біз екі ел арасындағы қарым-қатынас енді орнай бастаған кездегі қазақ көсемдерінің сөз-әрекеттері туралы Цин патшалық мәліметтерінің өзінен-ақ оқып біле аламыз: 1. Абылай хан тұңғыш рет Цин патшалығына елшілерін жібергенде-ақ Цин патшасынан Тарбағатай сынды жерлерді қазақтарға қайтарып беруді талап еткен. 2. 1755 жылы 17 қыркүйек күні мәнжу тілінде хатталған бір құжатта мынадай мәлімет сақталған: Төле би қатарлы қазақ көсемдері цин ұлықтарына: «Қазір, міне, сіздер біздің көне жұртымызға келіп отырсыздар... (біздің) елдегілер жеке-жеке өз жұрттарымызға оралсақ деп тілек білдіруде» деген сөздер айтқан. 3. 1758 жылы 27 қаңтарда мәнжу тілінде хатталған бір құжатта Әбілпейіз сұлтанның цин ұлықтарына айтып берген бір әңгімесі сақталған, онда Әбілпейіз сұлтан цин ұлықтарына «Біздің қазақтың үш жүзі бас қосып, қалмақтарды Қашқарға, Йеркендке және қырғыздардың жеріне дейін қуып жібермек» дегенді жеткізген. Ал міне, өз кезегінде Қабанбай батырдың ұлы Едіге де орайды пай- даланып осы әңгімені қозғап отыр.

– Қазір халықаралық Түркі академиясында еңбек етіп жатырсыз. Бұл мекемеде қандай жобаларды қолға алдыңыз? Алдағы жоспарларыңыз қандай?

– Халықаралық Түркі академиясына шақырылып, осында қызмет істеу және ел тарихы үшін еңбек ету – мен үшін абырой. Қазақ елінің, жалпы түркі әлемі азаматтарының ғасыр бойы арқалап келе жатқан асыл арманын іске асыруды, егеменділігімізді нығайтуды көздейтін ұлы іске өзімнің де араласып, аз да болса үлесімді қосып жатқандығым үшін ризамын. Қазіргі таңда, мен Академияның ғылыми жұмысы ретінде өзімнің жаңа монографиямды жазу үстіндемін. Онда Қазақ туралы алғашқы қытай ұғымының пайда болуы, қазақ жұртының шығыстағы атамекенін қайтарып алу тарихи үдерісінің Цин патшалық мұрағат құжаттарындағы көріністері, қазақ-цин қарым-қатынасы орнатылған шақтағы екі ел арасындағы территориялық, босқындық және экономикалық мәселелер сынды күрделі әрі нәзік мазмұндар қамтылып, тың тұжырымдамалар ұсынылмақ. Бұйырса, бұл еңбек Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл мерейтойына тарту ретінде биыл күз айларында жарық көреді деп отырмын.